

Республиканың электр энергетикасы объектілерінің және энергия тұтынушыларын 1996/97 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде тұрақты жұмысқа әзірлеу жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 шілде N 900. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі өткен жылдың күзгі-қысқы кезеңінде елді электрмен және жылумен жабдықтау мейлінше тұрақты болмағандығын және оның ұзақ шектеулермен және тұтынушылар одан ұдайы өшіріп-айырып тасталып отырылғандығын атап көрсетеді.

Қыс қарсаңында көзделген шараларды уақытынан кешіктіріп және ішінара орындаудың салдарынан белгіленген энергетикалық қуаттарды, әсіресе Екібастұз І-ГРЭС-і мен Ермак ГРЭС-інде, едәуір кем пайдалану орын алды. Республиканың қажеті одан тысқары жерлердегі қымбат тұратын электр энергиясын алу есебінен ө т е л д і .

Электр энергетикасы объектілері мен энергия тұтынушыларды 1996/97 жылдың алдағы күзгі-қысқы кезеңінде тұрақты жұмыс істеуге уақтылы әрі сапалы дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің 1996/97 жылдың күзгі-қысқы жағдайында энергия көздері мен желілерін жұмысқа даярлау жөніндегі шараларды әзірлегені және жүзеге асырып жатқаны **н а з а р ғ а а л ы н с ы н .**

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі 1996/97 жылдың жүктемесі мейлінше жоғары болатын күзгі-қысқы кезеңінде блокты электр стансаларының энергия блоктарын жөндеу және кернеуі 500 және 1150 кв негізгі электр желілерін күрделі жөндеу жөніндегі тапсырмаларды **б е к і т е т і н б о л с ы н .**

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге да орталық атқарушы органдар, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері энергиямен тұрақты және іркіліссіз жабдықтау, электр энергияларын тиімді пайдалану және оларда 1996/97 жылдың күзгі-қысқы жағдайындағы жұмысқа уақтылы даярлау мақсатында:

олардың даярлық паспорттарын беру арқылы үстіміздегі жылғы 15 қарашаға дейін өнеркәсіптік және өнеркәсіптік емес объектілерді, коммуналдық және ауыл шаруашылығы жылыту қазандықтарын қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындау

жөніндегі ұйымдық-техникалық шараларды әзірлесін және бекітсін;
қыс қарсаңындағы жұмыстарды уақтылы қаржыландыру,
материалдық-техникалық қамтамасыз ету және белгіленген мерзімде сапалы
орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын;

1996/97 жылғы күзгі-қысқы кезеңде өнеркәсіп кәсіпорындарының энергияны
көп жұмсайтын жабдықтарын жоспарлы жөндеуден өткізуді энергиямен
жабдықтаушы ұйымдардың келісімі бойынша қарастырсын;

тұтынушылардың электр және жылу энергиясын пайдаланғаны үшін
энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға берешектерін 1996 жылдың 1 қыркүйегіне
дейін өтеуіне шаралар қолдансын және оны бақылауға алсын. Тұтынушылар
берешектерін белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда "Энергия беруді шектеу
мен тұтынушыларды энергиямен жабдықтау көздерінен қиып тастауды ретке
келтіру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995
жылғы 19 желтоқсандағы N 1743 қаулысында (Қазақстан Республикасы
Үкіметінің ПҰАЖ-ы, 1995., N 38, 494-бап) белгіленгендей оларға энергия
б о с а т у д ы т о қ т а т с ы н ;

бір апта мерзім ішінде әрбір энергия көзі, кәсіпорын бойынша отын қорын
жинақтаудың айлық кестелерін жасасын және бекітсін және олардың
орындалуына бақылау ұйымдастырсын.

3. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкімен және екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп энергия
кәсіпорындарына отын сатып алу және қыс қарсаңындағы жөндеу жұмыстарын
жүргізу үшін кредиттік ресурстар бөлу мәселесін пысықтайтын болсын.

4. 1996/97 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде "Республиканың электр-энергетика
және энергия тұтыну объектілерін 1995/96 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде
тұрақты жұмыс істеуге әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің 1995 жылғы 6 маусымдағы N 783 қаулысына (Қазақстан
Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 20, 229-бап) сәйкес құрылған Қазақстан
Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің жанындағы
қысқы кезеңде электр қуаты мен энергияларды тұтынуды жедел басқару
жөніндегі республикалық штабтың өкілеттігі 1996/97 жылғы күзгі-қысқы кезеңге
ұ з а р т ы л с ы н .

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі
:

жылыту маусымы басталғанға дейін энергия көздерінде отынның
нормативтік қорларын құру және тұтынушыларды тұрақты энергиямен
жабдықтауды қамтамасыз ету үшін қажетті көлемдегі отынды әкелу жөніндегі
жұмыстарды ұйымдастырсын ;

энергетикалық қуаттардың, электр беру және жылу желілерінің жоспарланған

көлемін пайдалануға қосуды қамтамасыз етсін;

электр стансаларының жұмыс қуатын арттыруды, жөндеу жұмыстарын уақтылы және сапалы орындауды ынталандыру мақсатында кәсіпорындардың қарауында қалған кірістердің есебінен энергияларды өндіру және беру, энергетикалық жабдықтарды жөндеу және қалыпқа келтіру жөніндегі кәсіпорындардың, Қазақстан энергия жүйелерінің бірлескен диспетчерлік басқармасының, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергия қадағалаудың өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлеріне 1996 жылдың IV тоқсанында және 1997 жылдың 1 тоқсанында жұмыс қуаты жөніндегі тапсырмаларды орындағаны үшін қосымша сыйлық ақы беруді енгізсін;

энергия көздерінде отын жеткіліксіз болған жағдайларда қолданылатын тұтынушыларды электр қуаты мен энергиялар бойынша шектеудің және одан қиып тастаудың кестелерін жасасын. Аталмыш кестелер облыстар мен Алматы қаласының әкімдерімен келісілсін және олар тұтынушыларға хабарландырылсын

6. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

энергия кәсіпорындарына 1996/97 жылдың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа әзірлену үшін энергия көздерінің, желілердің, үйлердің, коммуникациялар мен ғимараттардың жабдықтарын жөндеуден өткізуге, олардың электр жабдықтары мен тетіктерінің қосалқы бөлшектерін дайындау жөніндегі аймақтық өнеркәсіптік кәсіпорындарымен шарттар жасауына барынша көмек көрсетсін;

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі кәсіпорындарының жөндеу және қысқа дайындық жөніндегі жұмыстарын айналысушы қызметкерлері мен автокөліктерін ауылшаруашылық және басқа науқандық жұмыстарға тартпайтын болсын;

жылыту маусымы басталғанға дейін коммуналдық және ауыл шаруашылығы жылыту қазандықтарын жөндеуді және аталмыш қазандықтар мен тұрғындар үшін отынның нормативтік мөлшерін дайындауды қамтамасыз етсін;

бюджеттік ұйымдарды олардың алынатын отын энергетикалық ресурстарға уақытында ақы төлеуі жөнінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттердің, электр энергияларын өндіру, беру және тұтыну жөніндегі кәсіпорындардың басшыларымен бірлесіп, иесіз электр тарату желілері мен қосалқы электр стансаларын одан әрі пайдалануды болдырмау мақсатында кернеуі 0,4-10 кВ электр тораптарын объектілерінің баланстық тиесілілігін анықтауды ұйымдастырсын және екі ай мерзім ішінде қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі энергетикалық кәсіпорындардың тапсырысы бойынша ведомстволық бағыныстағы зауыттарда энергетикалық жабдықтар үшін қосалқы бөлшектер

шығаруды

ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктермен бірлесіп 1996/97 жылғы күзгі-қысқы кезеңде Қапшағай ГЭС-і мен Ертіс ГЭС-і каскадының жұмысын экономиканың барлық салалары мен экологиялық қауіпсіздік талаптарына жауап беретін оларды пайдалану ережелеріне сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

1996/97 жылдың күзгі-қысқы кезеңіне қарай Үлкен Алматы көліндегі су ресурстарының 2507 метрлік қалыпты деңгейдегі белгіге дейін жинақталуын қамтамасыз етсін.

9. Алматы, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар, Семей және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері 1996 жылғы 1 қазанға дейін Ертіс, Іле және Сырдария өзендері су басуы ықтимал аймақтарынан жем-шөп қорының әкетілуін қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі үстіміздегі жылғы 1 тамыздан бастап ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Экономика министрлігіне осы қаулының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

орынбасары